

«Қазақстандағы ұлттар достығы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.

3-тоқсан БЖБ

Оқу мақсаты

7.4.4.1 Етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін ажыратады.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін ажыратады
Дұрыс жауапты табады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты: 20 минут

1-тапсырма

Берілген етістіктердің түрін анықтап, белгілеңіз.

№	сөздер	есімше	көсемше
1	жазылған хат		
2	келген адам		
3	барады		
4	санап		
5	бергелі		
6	сен бергенсің		
7	алғалы		

2- тапсырма Етістік

1. Тұйық етістікті анықтаңыз.

А) шегелеу Б) Комендес С) Көрсет Д) Түсіндір Е) Дәлелде

2. Етістікте неше рай бар?

А) 4 Б) 7 С) 9 Д) 3

3. Келер шақ етістікті көрсет.

А) Келді Б) Келемін С) Келдім Д) Келген

4. Сөйлемде нақ осы шақта тұрған етістікті тап.

*А) Ол кезде шаршау дегенді білмейтінмін. Б) Жақсы жанына жолдас болар
С) Мен оқып отырмын Д) мен ертен оқимын.*

5. Болжалды келер шақта тұрған етістікті тап.

*А) Ол кезде шаршау дегенді білмейтінмін. Б) Жақсы жанына жолдас болар.
С) Мен оқып отырмын Д) мен жаздым.*

6. Етістіктің шақтары неше түрге бөлінеді.

А) 3 Б) 2 С) 4 Д) 1

7. Етістіктер қалай жіктеледі ?

А) жекеше б) көпше с) жекеше-көпше д) жіктелмейді

8. Етістіктің болымсыз түрін табыңыз.

А) бар б) барады с) барма д) сөйлеген

9. Өткен шақ нені көрсетеді?

*А) кейін болатындығын іс-әрекетің білдіреді б) бұрын болғанын іс-әрекетін білдіреді
с) болып жатқан іс-әрекетін білдіреді д) дұрыс жауап жоқ*

10. жедел өткен шақ қандай жұрнақтар арқылы жасалады.

А) –қан-кен –ған –ген Б) –ты-ті-ды-ді С) –ып-іп-п Д) –жұрнақтар жоқ

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білімалушы</i>	
Етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін ажыратады	1	етістіктердің түрін анықтайды; - есімше, көсемшелерді дұрыс белгілейді	2
Дұрыс жауапты табады	2	Дұрыс жауапты таба алады	10
Барлығы			12